	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	1 бет 15 беттен

«Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
30.07.2020ж. Директорлар Кеңесі Мәжілісінің № 23 хаттамасы

«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ


Сала: Өмірді сақтандыру

Пішімі: Ерікті сақтандыру

Сақтандыру класы: Ауырған жағдайда сақтандыру, жазатайым жағдайлардан сақтандыру


*Сақтандыру түрі: Қарыз алушы өмірін **ерікті** сақтандыру*

Алматы, 2020 жыл

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	2 бет 15 беттен

Мазмұны

1 тарау. Жалпы ережелер	3
2 тарау. Сақтандыру нысаны.....	4
3 тарау. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сыйлық ақысы және оны төлеу тәртібі	4
4 тарау. Сақтандыру жағдайларының тізімі.....	5
5 тарау. Сақтандыру жағдайларына кірмейтін жағдайлар, сақтандыруды шектеу, сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту	5
6 тарау. Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасау тәртібі, әрекет ету мерзімі және орны	7
7 тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	8
8 тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған жағдайдағы Сақтанушының әрекеті.....	10
9 тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттар тізімі	11
10 тарау. Сақтандыру төлемдерін жасау тәртібі, мерзімдері мен шарттары	11
11 тарау. Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисін тоқтату және бұзу шарттары	13
12 тарау. Дауларды шешу тәртібі	14
13 тарау. Қосымша шарттар.....	14

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	3 бет 15 беттен

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша - Сақтандырушы) Қарыз алушы өмірін ерікті сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі - Ереже) негізінде Қарыз алушы өмірін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) немесе Қарыз алушы өмірін ерікті сақтандыру ережелерінің үлгілік шарттарына Сақтандыру полистерін жасайды (бұдан әрі – Сақтандыру полисі).

2. Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына/Сақтандыру полисіне немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

2) **Сақтандыру шарты** – сақтандырушы және сақтанушы арасындағы қарым- қатынасты, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі және мерзімін, сонымен қатар Сақтандырылғандардың санын реттейтін құжат. Ережелерге сәйкес Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады.

3) **Сақтандыру полисі** – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе Сақтандырушының біртараптан жасаған Сақтандыру ережелерінде көзделген сақтандырудың үлгілік шарттарына Сақтанушының қосылуын (қосылу шарты) растайтын, сақтандырушы және сақтанушы арасындағы қарым-қатынасты, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі және мерзімін реттейтін құжат.

4) **Сақтандырылған** – сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

5) **Мүгедектік** – ағза қызметінің тұрақты бұзылуымен денсаулықтың бүлінуі салдарынан адамның тіршілік әрекетінің шектелу деңгейі.

6) **Кредит шарты** – бір тарап басқа тарапқа (қарыз алушы) ақшалай қаражатты беретін немесе беруге міндеттелетін (қарыз беруші), ал қарыз алушы осындай соманы шартта анықталған көлемде, тәртіпте және мерзімде сыйақы төлей отырып, уақытылы қайтаруға міндеттелетін келісім (яғни банктік қарыз шарты/кредит желісін ашу туралы келісім)

7) **Жазатайым жағдай** – адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, сақтандырылғанның организміне сырттан оның денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не өліміне әкеліп соққан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі салдарынан кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай).

8) **Негізгі қарыз** – сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар және т.б. есептемегендегі Банкке/Кредиттік ұйымға қарыз алушымен қайтарылмаған кредит сомасы.


9) **Мүгедектікті оңалту** - мүгедектікті алып тастауға алып келетін, мүгедектер организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан қызметтерін сақтауға, толық немесе ішінара қайта қалпына келтіруге бағытталған медициналық іс-шаралар кешені

10) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасқан тұлға.

11) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандырушының сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

12) **Сақтандыру сыйлық ақысы** – Сақтанушының Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі жасалған тұлға пайдасына (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеу міндетін қабылдаған Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

13) **Сақтандыру жағдайы** – басталуы Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін жағдай.

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	4 бет 15 беттен

14) **Сақтандыру мүддесі** - жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, Сақтанушының (Сақтандырылғанның, Пайда алушының) тәуекелдерді болғызбаудағы және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі.

15) **Сақтандыру сомасы** (жауапкершілік лимиті) – сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын ақша сомасы.

16) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы, яғни сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Сақтанушыға немесе сақтандыру шартымен тағайындалған шамадағы сомадағы (сақтандыру сомасы) пайдасы сақтандыру шартында пайымдалған тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

17) **Қарыз сомасы** – Банк/Кредиттік ұйымның төлемдік, оралымдылық және қайтарымдық жағдайларында қарыз алушыға берген ақшалай қаражат сомасы

18) **Сақтандыру аумағы** – сақтандыру қорғанышы әсер ететін аумақ.

3. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде Ережелердің жеке нормалары олармен қайшылыққа түссе, Ережелердің бұл нормаларының күші жойылады және Ережелерге тиісті өзгерістер енгізу сәтіне дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу керек.

4. Осы құжат «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ меншігі болып табылады, Басқарма Төрағасының жазбаша рұқсатынсыз тираждау және таратуға тыйым салынады.

2 тарау. Сақтандыру нысаны

5. Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделген жазатайым жағдайдың орын алуынан туындаған Сақтандырылғанның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының мүліктік мүдделері.

3 тарау. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сыйлық ақысы және оны төлеу тәртібі


6. Егер өзгесі Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде қарастырылмаса, Сақтандыру сомасының мөлшері қарыз сомасының мөлшеріне тең.

7. Сақтандыру сыйлық ақысының мөлшері Сақтандырушы тарифтерінің негізінде есептеледі. Сақтандыру сыйлық ақысының мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімі Сақтандыру шартымен/Сақтандыру полисімен бекітіледі.

8. Сақтандыру сыйлық ақысы біржолата немесе дүркін-дүркін сақтандыру жарналары түріндегі бөліп төлеу арқылы қолма-қол ақшалай қаражат түрінде немесе қолма-қол ақшасыз төлеммен Сақтандырушының банктік шотына төленеді.

9. Егер Сақтандырылған/Сақтанушы сақтандыру тәуекелінің жоғарылауына алып келетін жағдайлар туралы Сақтандырушыға мәлімдесе, Сақтандырушы Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің шарттарына өзгерістер енгізуді және/немесе тәуекелдің жоғарылауына шамалас қосымша сақтандыру сыйлық ақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтандырылған немесе Сақтанушы Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің шарттарының өзгеруіне немесе қосымша сақтандыру сыйлық ақыны төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы.

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	5 бет 15 беттен

10. Сақтандыру сыйақысын бөліп төлеу Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушыдан екі ай қатарынан сақтандыру жарналарын алмаған Сақтандырушы Сақтанушыны сақтандыру сыйлық ақысын төлеу қажеттігі туралы жазбаша түрде хабарландырады.

Хабарламада келесілер көрсетіледі:

- 1) Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті уақыт кезеңі;
- 2) Сақтандыру жарнасын кешіктіріп төлегені үшін өсімақы мөлшері (есептелген жағдайда);
- 3) Сақтанушының хабарламада көрсетілген мерзім ішінде сақтандыру жарнасын төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін біртарапты түрде тоқтату құқы туралы ақпарат.

11. Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде өзгесі көрсетілмесе, Сақтандырушыға кешіктірілген сақтандыру жарнасын төлеуге берілген кезеңде сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, Сақтандырушы кешіктірілген сақтандыру жарнасы мен сақтандыру жарнасын кешіктіргені үшін айыппұлды (есептелген жағдайда) ұстаумен сақтандыру төлемін жасайды.

12. Сақтанушының сақтандыру жарнасын кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жарналарын төлемеуі жағдайында Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылады.

13. Қосымша қамту бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде: сақтандыру жарнасы бөліп төлеу Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырылғанға мүгедектіктің тағайындалуы, сонымен қатар еңбекке қабілетті уақытша жоғалту кезінде Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алған сақтандыру жылы үшін (Сақтандыру шартына/Сақтандыру полисіне қол қойған күннен бастап 365 күн) сақтандыру жарнасын төлейден босатылмайды.

4 тарау. Сақтандыру жағдайларының тізімі

14. Сақтандырылғанның сақтандыру қорғанышының әрекеті кезеңінде кез келген себеп бойынша қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып танылады.

15. Қосымша қамту кезінде Сақтанушы сұранымы бойынша:

1) Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі әрекет ету кезінде Сақтандырылғанның ауру нәтижесінде немесе жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған еңбекке қабілетті уақытша жоғалтуы.

Бұл ретте қосымша сақтандыру қамтуы жиынтығы 120 (жүз жиырма) күнтізбелік күннен аспайтындай сақтандырудың бір жылына екі реттен артық емес әрекет етеді.


2) Сақтандыру қорғанышының әрекеті кезеңінде анықталған/орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылғанға бірінші немесе екінші топ мүгедектілігінің тағайындалуы.

3) Сақтандыру қорғанышының әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылғанға үшінші топ мүгедектіктің тағайындалуы сақтандыру жағдайлары болып табылады.

16. Сақтандыру қауіптерінің тізімі Сақтанушының таңдауымен анықталып, Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетіледі.

17. Осы Ереженің 5 тарауының 18-20 баптарында көрсетілгендер сақтандыру жағдайлары болып табылмайды.

5 тарау. Сақтандыру жағдайларына кірмейтін жағдайлар, сақтандыруды шектеу, сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	6 бет 15 беттен

18. Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасу күніне дейін және оның әрекеті аяқталғаннан кейін орын алған оқиғалар Ережеге сәйкес сақтандыру жағдайы болып танылмайды.

19. Егер сақтандыру жағдайы келесілерден туындаған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:


- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жұқтырулар;
- 2) әскери іс-әрекеттер;
- 3) азаматтық соғыс, әр түрлі мәндегі халықтық наразылық, бұқаралық ретсіздік немесе ереуілдер;
- 4) Сақтандырылғанның сақтандыру жағдайының туындауына немесе оған алып келуі мүмкін қасақана әрекеттері;
- 5) Сақтандырылғанның заң актілерінде белгіленген тәртіппен қасақана жасалған қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған, сақтандыру жағдайына себепті байланыстығы іс-әрекеттері;
- 6) Сақтандырылғанның есірткілік, наркотикалық, токсикалық мас болу жағдайында немесе медициналық мекеменің білікті дәрігері жазып берген дәрілерді қабылдауды есепке алмағанда, психотроптық заттар әсерінде болып, орын алуына себеп болған әрекеттері;
- 7) Сақтандырылғанның кәсіби спортпен немесе спорттың қауіпті түрлерімен (сопрттың тау шаңғы, экстремалды түрлері, суасты жүзу, ат, авиациялық, спорттың күштесетін түрлері, құзға өрмелеу, альпинизм, дельтапланеризм, парашют спорты, шығыс жекпе-жегі, ралли, жарыстар) шұғылдандуы, сонымен қатар өміріне қауіпті максималды жылдамдықты немесе трюктар орындауды немесе жаттығуды мақсат ететін түрлі іс-шараларға (жарыс, шоу-бағдарламалар, сынақтар) қатысу;
- 8) жолаушылық әуе кемелерінде жүргінші ретінде ұшуды есепке алмағанда, ұшу аппараттарында ұшу;
- 9) бұған дейін белгісіз, зерделенбеген, жеткіліксіз зерделенген ауруларды анықтау;
- 10) Қазақстан Республикасынан тыс диагностикалау шаралары;
- 11) COVID-19 – coronavirus disease (диагностика және емдеу);
- 12) нақтыланбаған коронавирустық инфекция (диагностика және емдеу);
- 13) бұған дейін белгісіз немесе зерделенбеген/жеткіліксіз зерделенген аурулар (оның ішінде вирустық немесе бактериялық инфекцияның салдарынан туындаған аурулардың жаңа түрі мен штамдары);
- 14) эпидемияның себебі болған аурулар;
- 15) тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шегінде медициналық- әлеуметтік көмек көрсетілетін медициналық-әлеуметтік маңызды аурулар.

20. Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің алғашқы екі жыл үздіксіз әрекет ету мерзімінде сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың тікелей немесе жанама нәтижесінде орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтандырылғанның өзі-өзін өлтіруі (өлтіруге ниеттенуі), өзінің денсаулығына әдейі (қасақана) зиян келтіруі;
- 2) қатерлі ісіктің пайда болуына байланысты аурулар,
- 3) ЖИТС ауруына шалдығу немесе АИВ-жұқтыру.

21. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына төмендегілер де негіз болып табылуы мүмкін:

- 1) Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасу кезінде Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәліметтерді хабарлауы;

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	7 бет 15 беттен

2) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайын тергеуіне Сақтанушының кедергі жасауы;

3) сақтандыру оқиғасы жайлы Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде Сақтандырушыға хабарланбауы, егер сақтандыру оқиғасының орын алуы жайлы Сақтандырушының уақытылы білгені не болмаса Сақтандырушыда осы жайлы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндетіне әсерін тигізбейтіндігі дәлелденбеген жағдайды есепке алмағанда.

22. Сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды және бас тарту себептерін жазбаша түрде көрсете отырып, барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушыға Сақтандыру ережелеріне сәйкес хабарланады.

23. Сақтандырушы қосымша қамту бойынша сақтандыру төлемін келесі жағдайларда тоқтатады: Сақтандырылғанға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің кез-келген себеп бойынша тағайындалуы:

- 1) Сақтандырылғанның мүгедектігі оңалтылған жағдайда;
- 2) Сақтандырылғанның Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген зейнет жасына жетуі.

6 тарау. Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасау тәртібі, әрекет ету мерзімі және орны

24. Сақтандыру полисі Басқарма бекіткен үлгіде ресімделеді.

Сақтандыру полисі Сақтанушыға екі әдіспен беріледі: электрондық форматта Сақтанушының Өтінішінде көрсетілген электрондық поштаға, немесе Сақтандырушы бланкіндегі қағаз нұсқада.

25. Сақтандыру шарты – сақтандырушы және сақтанушы арасындағы қарым-қатынасты, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі және мерзімін, сонымен қатар Сақтандырылғандардың санын реттейтін құжат. Ережелерге сәйкес Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады.


26. Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандырушының бекіткен үлгісімен сақтануға өтініштің негізінде жасалады. Сақтандыру полисін жасау үшін өтініште міндетті түрде келесі белгілер болуы қажет:

- Сақтанушының дербес деректерді жинау және өңдеуге келісімі туралы;
- Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисін Сақтандырушы бекіткен үлгідегі өтінішке қол қою арқылы жасауға келісім туралы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында, немесе Сақтандырушының біртарапты тәртіпте құрастырған сақтандыру ережелерінде көзделген сақтандырудың үлгілік шарттарына қосылу туралы келісім туралы;
- Сақтандырушының www.stdlife.kz интернет-ресурсында орналастырылған Сақтандыру ережелерінің сақтандыру шарттарымен танысуы және келісуі туралы.

27. 1, 2 топ мүгедектерімен, психикалық аурулары бар, ЖИТС-мен ауыратындар, АИВ жұқтырғандармен Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі жасалмайды.

Егер Сақтандырылған өзінің денсаулығының жағдайы туралы ақпаратты жасырған жағдайда Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі Сақтандырушыға бұл туралы мәлім болған сәттен бастап бұзылады, төленген сақтандыру төлемі қайтарылмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген зейнет жасына жеткен тұлғалармен Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі Сақтандырушы қарауына сәйкес жасалады.

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	8 бет 15 беттен

28. Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасаған кезде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру өтінішінде сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын және оның (сақтандыру тәуекелінің) орын алуынан мүмкін болатын залал мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар мән-жайларды, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгісіз және белгісіз болмауы қажет болса, хабарлауға міндетті.

29. Елеулі болып Сақтандырушыға Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасу кезеңінде осы Сақтандыру ережесінде нақты айтылған, сақтандыруға өтініште немесе Сақтанушының жазбаша түрдегі сұранымында көрсетілген мән-жайлар болып танылады.

30. Егер Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисін жасағаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға Ережеде көрсетілген мән-жайлар туралы біле тұра жалған деректер мәлімдегені белгілі болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 844 бабында көзделген салдарлардың қолдануын талап етуге құқылы.

31. Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілген күннен бастап күшіне енеді. Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру қорғанышы әрекет етуі сақтандыру сыйлық ақысы сомасының Сақтандырушының банктік шотына түскен күнінен кейінгі күннің 00 сағат 00 минутынан, бірақ Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің әрекет ету мерзімінен бұрын емес, басталады. Ал сақтандыру төлемін бөліп төлеу жағдайында бірінші сақтандыру жарнасынан басталып, Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілген аяқталу мерзіміне дейін әрекет етеді.

32. Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де әрекет етеді.

7 тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

33. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру ережелерін, Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруін талап етуге;

2) Сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі және Ережелерде көзделген тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

3) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте келіспеуге;

4) Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда оның телнұсқасын алуға;

5) сақтандыру құпиясына;

6) Сақтандыру ережелерімен танысуға;


7) Сақтандыру шартына/Сақтандыру полисіне Сақтандырушының жазбаша келісімімен өзгертулер енгізуге;

8) Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде, Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте мерзімінен бұрын бұзуға;

34. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлық ақысын төлеуге;

2) Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасау барысында сақтандыру өтінішөне сәйкес, сақтандыру оқиғасының басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды оған белгілі барлық мән-жайлары туралы мәлімдеуге, сондай-ақ Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	9 бет 15 беттен

жасалғаннан кейін сақтандыру тәуекелінің артуына ықпал ететін барлық деректер (мамандықты ауыстыру, спорттың кәсіби және экстремалды түрлерімен шұғылданду, денсаулық жағдайы және т.б.) туралы хабардар етіп тұруға;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе нәтижесінде сақтандыру жағдайы туындайтын сақтандыру оқиғасының орны, уақыты және оған байланысты барлық мән-жайларды басталғаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде (өзгесі Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделмесе) хабардар етуге;

4) сақтандыру жағдайынан туындайтын зиянды алдын алу немесе азайту бойынша барлық мүмкін және орынды іс-шараларды жүзеге асыруға;

5) Сақтандырушының талабы бойынша өзінің денсаулығы туралы сақтандыру жағдайының орын алуына дейінгі кезең бойынша құжаттарды ұсынуға;

6) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына тиісті сақтандыру жағдайына байланысты барлық мән-жайды анықтау үшін қажетті медициналық және басқа құжаттарды қоса есептегенде, барлық ақпаратты беруге;

7) Сақтандырушыға дербес деректердің (А.Т.Ө, тұрғылықты жері, телефон нөмірлері және т.б.) өзгеруі туралы ол өзгеріс орын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға;

8) Сақтандырушыға оған белгілі болған Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі жасалған кезде хабарланған мән-жайлардың елеулі өзгерістері туралы, бұл өзгерістер Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің әрекет ету мерзімінде сақтандыру тәуекелінің жоғарылауына алып келу мүмкіндігі болса, кідірмей хабарлауға.

35. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтанушының Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисіне және Сақтандыру ережелеріне сәйкес алған міндеттерін орындауды талап етуге;

2) Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын және оның келтірген залалының көлемін растайтын сақтандыру жағдайына байланысты құжаттарды, өз құзыретін ескере отырып, сәйкес мекемелерден сұратуға;

3) Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасауға және сақтандыру жағдайына қатысты Сақтанушы (Сақтандырылғандар) ұсынған ақпаратты тексеруге;

4) Осы Ережелердің 5 бабында немесе Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға;


5) уақытылы толық көлемде сақтандыру сыйлық ақысын алуға;

6) сақтандыру жағдайының орын алуынан кейінгі 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде оның басталғаны туралы хабарлама және сақтандыру жағдайының орын алуын құжатнамалық растауды алуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген негіздер мен тәртіпте Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуға;

8) Сақтандыру тәуекелі дәрежесінің жоғарылауын туындататын мән-жайлар туралы хабарланған сәттен бастап Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің әрекет ету мерзімінде Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің шарттарын өзгертуді немесе тәуекел дәрежесінің жоғарылауына шамалас қосымша сақтандыру сыйлық ақысын төлеуді талап етуге;

9) Сақтанушы Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің мұндай өзгеруіне немесе қосымша сақтандыру сыйлық ақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы. Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін бұзу туралы жазбаша талап оны жіберуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі. Талапты жіберген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушыдан Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін бұзудан бас тарту туралы жауап

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	10 бет 15 беттен

түспесе, Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі талапты жіберу сәтінен бастап 30 күнтізбелік күннен кейін автоматты түрде бұзылды деп есептеледі. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сыйлық ақысының бөлігін Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі әрекет ету мерзіміне пропорционалды түрде, істі жүргізу шығындарын шегеріп, қайтаруға міндетті;

10) Сақтандыру сыйлық ақысын бөлеу төлеумен Сақтандыру шарттары/Сақтандыру полистері бойынша осы Ережелердің шарттарына сәйкес алмаған жағдайда Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің әрекетін біртараптан мерзімінен бұрын бұзуға;

36. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі шарттарымен таныстыруға және оның талабы бойынша осы Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

2) осы Ережелерде және Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттарды алған күні өтініш беруші ұсынған құжаттар тізімін және оларды қабылдау күнін белгілеп, анықтама беруге;

3) Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде электрондық пошта (бар болса) арқылы Сақтанушыны/Сақтандырылғанды/Пайда алушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарландыруға;

4) Сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;

5) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

6) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда, қажетті құжаттар тізіміне енетін және Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделген соңғы құжатты алу сәтінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушыға жазбаша бас тарту жіберуге.

8 тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған жағдайдағы Сақтанушының әрекеті

37. Сақтандыру жағдайының орын алуын, сонымен қатар оның келтірген залалын растауды Сақтанушы (Сақтандырылған/Пайда алушы) жүзеге асырады.

38. Жазатайым оқиға орын алған кезде Сақтандырылған медициналық көмекке дереу жүгінуге және дәрігердің айтқанын бұлжытпай орындауға, сонымен қатар жазатайым оқиғаның салдарларын азайту үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға тиісті.


39. Сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтанушы (Сақтандырылған) Сақтандыру полисінде/Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыны келесі ақпаратты көрсете отырып, болған сақтандыру жағдайы туралы хабалайды:

- 1) Сақтандырылғанның тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің нөмірі;
- 3) болған жазатайым оқиғаның мән-жайларын толық сипаттамасы;
- 4) кері байланыс үшін орналасқан жері және байланыс телефоны.

Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылғанның өлімі болса, Сақтандырушыны хабарландыру Пайда алушы немесе, Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде Пайда алушы белгіленбеген болса, Сақтандырылғанның мұрагерлеріне жүктеледі.

40. Сақтандырылған сақтандыру жағдайы бойынша ақпаратқа ие дәрігерлерді, медициналық ұйымдарды және басқа тұлғаларды дәрігерлік құпияны сақтаудан босатады және Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуының мән-жайларын тергеуде көмектесуге және қажет болған жайдада Сақтандырушының жазбаша өтінішімен сақтандыру жағдайының орын алуы мән-жайын тергеуге қажетті құжаттарды (анықтамалар, қорытындылар және т.б.) ұсынуға міндеттейді.

41. Сақтанушы, Сақтандырылған, Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы мән-жайларын тергеуге көмектесуге, сонымен қатар Сақтандырушыға

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	11 бет 15 беттен

расталған ақпаратты және сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдарларына қатысты қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

9 тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және залалдар мөлшерін растайтын құжаттар тізімі

42. Сақтандырылғанның кез-келген себептен өлімі - Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі әрекет ету мерзімінде сақтандыру жағдайы орын алғанда, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға тиіс:

- 1) Сақтандырылғанның өлімі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 2) патологоанатомиялық және/немесе сот-медициналық сараптаманың, ҚР нормативті актілерімен мұндай сараптаманы жүргізу көзделген болса;
- 3) сырқатнамадан/амбулаторлық картадан шығару эпикризі немесе Сақтандырылғанға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе жарақаттың нақты сипаттамасы мен түрін, Сақтандырылғанның өлімінің себебі болған диагнозды көрсете отырып, емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған басқа да медициналық құжаттар;
- 4) қажет болған жағдайда сақтандыру жағдайының белгісі бар жағдайдың орын алуын растайтын сәйкес құзырлы органдардан (өрт сөндіру қызметі, полиция және т.б.) құжаттар;
- 5) Банк/Кредиттік ұйымның Сақтандырылғанның сақтандыру жағдайы орын алған күнге оның Кредит шарты бойынша кредитті өтеу есебіне жүзеге асырған барлық төлемдерін көрсетумен қарыз мөлшері туралы анықтаманың (хаттың) түпнұсқасы;
- 6) Құқық қорғау органдарымен Сақтандырылғанның денсаулығына зиян келтіру факті бойынша қылмыстық іс қозғалу туралы сұрақ қарастырылып жатқан жағдайда - оны берген органмен куәландырылған соңғы процессуалдық құжат.

43. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылғанның бірінші, екінші немесе үшінші топ мүгедектігі болып табылса, Сақтандырылған Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:


- 1) құзырлы мемлекет органы берген мүгедектік туралы анықтама;
- 2) науқас картасынан шығару эпикризі, сырқатнамадан үзінді көшірме, жарақат пунктінен медициналық анықтама, Сақтандырылғанға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе жарақаттың нақты сипаттамасы мен түрін, мүгедектік алудың себебі болған диагнозды көрсете отырып, емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған басқа да медициналық құжаттар;
- 3) қажет болған жағдайда сәйкесінше құзырлы органдардан құжаттар.

44. Сақтандырушы Ережелерде және Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделген құжаттарды алған күні өтініш беруші ұсынған құжаттар тізімін және оларды қабылдау күнін белгілеп, анықтама беруге міндетті.

45. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны/Сақтандырылғанды/Пайда алушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарландыруға міндетті.

46. Сақтандырылғанның қайта куәландырудан өтіп, мүгедектіктің ұзартылуы жағдайында, Сақтандырушыға міндетті түрде қайта куәландыруды және мүгедектік мерзімінің ұзартылуын растайтын, сонымен қатар Ережелердің 43 б. аталған құжаттар ұсынылады.

10 тарау. Сақтандыру төлемдерін жасау тәртібі, мерзімдері мен шарттары

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	12 бет 15 беттен

47. Сақтандыру төлемін жасау туралы талаптар Сақтандырушыға Сақтанушы/Сақтандырылған немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға тарапынан, сақтандыру төлемін жасауға қажетті барлық құжаттарды қоса берумен, жазбаша түрде қойылады.

48. Сақтандыру төлемін жасау үшін ұсынылған құжаттар топтамасы соңғы қажетті құжат түскен сәттен бастап ұсынылған болып есептеледі.

49. Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде өзгесі көзделмесе, сақтандыру төлеміне кіреді:

1) Сақтандырылғанның Кредит шарты бойынша сақтандыру жағдайы орын алған күнге негізгі қарыз сомасы;

2) сақтандыру жағдайы орын алған күннен бастап, осы Ережеде және Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілген барлық құжаттарды тапсыру күніне дейін, бірақ 60 (алпыс) күннен аспайтын, есептелген сыйақы сомасы.

Сақтандыру төлемін жасағанда Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлеуді кейінгі қалдыру мерзімінде, сақтандыру сыйлық ақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу бойынша қарызын шегеруге құқылы.

50. Сақтандырылғанның Кредит шарты бойынша төлемдерді жасамауы үшін айыпақы (өсімпұл, айыппұл) сақтандыру төлемінің мөлшеріне кірмейді/сақтандыру төлемін есептеуде есепке алынбайды.

51. Сақтандыру қорғанышы кезеңінде Сақтандырылғанның өлімі немесе ауру бойынша бірінші немесе екінші топ мүгедектігін өмір бойы тағайындалғанда Сақтандырушы Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде өзгесі көзделмесе, Ереженің 49 б. көрсетілген, бірақ Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру сомасынан артық емес, біржолғы сақтандыру төлемін жасайды.


52. Сақтандыру қорғанышы кезеңінде Сақтандырылғанға ауру бойынша немесе жазатайым оқиға орын алуы нәтижесінде бірінші немесе екінші топ мүгедектігі белгілі бір мерзімге тағайындалса, Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандырылғанға мүгедектік тобы тағайындалған мерзім ішінде реті мөлшері мен реті Кредит шарты бойынша Төлем кестесіне сәйкес дүркін-дүркін төлемдер жасайды. Сақтандырушы кез-келген уақытта сақтандыру төлемін Сақтандырылғанның Кредит шартына қоса берілетін төлемдер кестесіне сәйкес мүгедектік тағайындалған уақыт кезеңіндегі төлемдер сомасына тең болатын біржолата төлемге ауыстыруға құқылы.

Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін тек мүгедектіктің тағайындалған шегінде ғана жасауға міндеттенеді.

53. Сақтандыру қорғанышы кезеңінде Сақтандырылғанға жазатайым оқиға орын алуы нәтижесінде үшінші топ мүгедектігі белгілі бір мезгілге тағайындалса, Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандырылғанға мүгедектік тобы тағайындалған мерзім ішінде реті мөлшері мен реті Кредит шарты бойынша Төлем кестесіне сәйкес дүркін-дүркін төлемдер жасайды. Сақтандырушы кез-келген уақытта сақтандыру төлемін Сақтандырылғанның Кредит шартына қоса берілетін төлемдер кестесіне сәйкес мүгедектік тағайындалған уақыт кезеңіндегі төлемдер сомасына тең болатын біржолата төлемге ауыстыруға құқылы.

54. Сақтандыру қорғанышы кезеңінде жазатайым оқиға орын алуы нәтижесінде Сақтандырылғанның өлімі немесе ауру бойынша үшінші топ мүгедектігін өмір бойы тағайындалғанда Сақтандырушы Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде өзгесі көзделмесе, Ереженің 49 б. көрсетілген, бірақ Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру сомасынан артық емес, біржолғы сақтандыру төлемін жасайды.

55. Сақтандыру қорғанышы кезеңінде ауыру немесе жазатайым оқиға орын алуы нәтижесінде Сақтандырылғанның еңбекке қабілетті уақытша жоғалтуы тағайындалғанда осы тағайындалған мерзім ішінде Кредит шартына қоса берілетін Төлемдер кестесіне сәйкес

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	13 бет 15 беттен

еңбекке қабілетті уақытша жоғалту кезеңі үшін, төлемдер сомасына тең болатын, бірақ 120 (жүз жиырма) күнтізбелік күннен артық емес, біржолата төлем жасайды.

56. Егер Сақтандырылғанның қарызы Кредит шарты бойынша шетел валютасында көрсетілсе сақтандыру төлемінің сомасын есептеу үшін Сақтандырушы Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасау күніне Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілген шетел валютасының теңгеге бағамы алынады.

57. Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде өзгесі көрсетілмесе, Сақтандырушыға кешіктірілген сақтандыру жарнасын төлеуге берілген кезеңде сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, Сақтандырушы кешіктірілген сақтандыру жарнасы мен сақтандыру жарнасын кешіктіргені үшін айыппұлды (есептелген жағдайда) ұстаумен сақтандыру төлемін жасайды.

58. Сақтандырушы қосымша қамту бойынша сақтандыру төлемін келесі жағдайларда тоқтатады:

- 1) Сақтандырылғанның мүгедектігі оңалтылған жағдайда;
- 2) Сақтандырылғанның Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген зейнет жасына жетуі.

59. Сақтандыру төлемі ҚР ұлттық валютасымен (теңге) Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілетін Пайда алушының ағымдағы шотына тек қана қолма-қол ақшасыз төлем арқылы жасалады. Сақтандыру төлемі бойынша төлем немесе аудару шығындары, аудару Қазақстан Республикасының шегінде жүргізілсе, Сақтандырушы есебінен жүргізіледі.

60. Сақтандыру жағдайымен тікелей себептік байланыстағы қылмыстық істің қозғалуы жағдайында Сақтандырушы сақтандыру төлемін құқық қорғау органдарымен қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдаған күніне дейін немесе сот шешім қабылдаған күніне кейін қалдыруға құқылы.

61. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Ереженің 12 т. 71 б. сәйкес шағымдануға болады.

11 тарау. Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисін тоқтату және бұзу шарттары

62. Сақтандырушы Сақтандыру шартынан/Сақтандыру полисінен кез-келген уақытта бас тартуға құқылы. Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі Сақтандырушымен Сақтанушыны жазбаша хабарлау шартымен бұзылуы мүмкін және өз әрекетін Сақтанушы Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің тоқтатылуы туралы хабарламаны алуынан кейін тоқтатады.


63. Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің мерзімінен бұрын тоқтауы Сақтандырушының кінәсынан оның шарттарын орындамауына байланысты жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға оның төлеген сақтандыру сыйлық ақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

64. Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі келесі жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

- 1) әрекет ету мерзімінің аяқталуы;
- 2) әрекет ету мерзімінен бұрын тоқтатуы;
- 3) Сақтандырушының Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жасауы;
- 4) Тараптар келісімі бойынша;

65. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде көзделген міндеттемелердің тоқтатылуының жалпы негіздерімен қатар, Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру нысанының жойылуы;

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	14 бет 15 беттен


- 2) соттың Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенде;
- 3) уәкілетті органның Сақтандырушыны ерікті таратуға рұқсат беруі туралы шешімі заңды күшіне енгенде;
- 4) Сақтандырушы қарызының қарыз беруші Банк алдында алдын ала төлену себебіне байланысты Кредит шарты әрекетінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы.
- Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисін тоқтатуға негіз ретінде қарастырылған мән-жайдың орын алу сәтінен бастап тоқтатылды деп есептеледі, ол туралы мүдделі тарап басқа Тарапты дереу хабарландыруы тиіс.
66. Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы жағдайында Сақтанушы осы Ереженің 63 б. көрсетілген негіздер бойынша, Сақтандыру шартында көрсетілген төленген сақтандыру сыйлық ақысын сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін Сақтандырушының істі жүргізу үшін шығындарын шегерумен, қайтарып алуға құқылы.
67. Сақтанушының Сақтандыру шартынан/Сақтандыру полисінен бас тартуы кезінде, ол осы Ереженің 65 б. көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандыру сыйлық ақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.
68. Сыйлық ақыны қайтару Сақтандырушымен Сақтандырушыға сақтандыру сыйлық ақысын қайтару туралы өтініш түскен сәттен бастап 10 (он) банктік күн ішінде, Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің түпнұсқасын қайтару шартымен, біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.
69. Сақтандыру сыйлық ақысын бөліп төлеумен Сақтандыру шарттары/Сақтандыру полистері бойынша Сақтанушы сақтандыру жарналарын кейінге қалдырып төлеу кезеңінде сақтандыру жарналарының төлемеуі жағдайында, Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің әрекеті автоматты түрде тоқтатылады.

12 тарау. Дауларды шешу тәртібі

70. Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің әрекет ету кезеңінде туындаған барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі Тараптар келісімге қол жеткізбесе Тараптар Сақтандыру шарттары/Сақтандыру полисінен туындайтын дауларды сотқа дейінгі реттеу мақсатында сақтандыру омбудсменіне жүгінуге құқылы.
71. Тараптардың келісімге қол жеткізбеу жағдайында Сақтандыру полисі бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер, соның ішінде Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін толығымен немесе оның бөлігін жарамсыз деп тану туралы даулар, "Goodwill" Орталық-Азиялық Коммерциялық Арбитражда, оның argoodwill.kz интернет-ресурсындағы регламентіне сәйкес біржолата реттелуге тиіс. Арбитраж құрамы бір арбитрден тұрады. Арбитр Арбитраж төрағасымен бекітіледі.

13 тарау. Қосымша шарттар

72. Тараптардың бір-біріне жіберген барлық өтініштері мен хабарламалары жазбаша түрде, хабарлау дәйегін әділ тіркеуге мүмкіндік беретін әдістер бойынша жасалуы керек.
73. Сақтанушының сақтандыруға келісін, көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын, Сақтандырушының сақтандыру жағдайын тергеу мақсатында үшінші тұлғалардан қосымша ақпаратты сұратуға құқықты, сонымен қатар Ережелермен танысуды Сақтанушының өтініштегі сәйкес жазбасы растайды.

	«STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӨМІРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
	Басылым 8	15 бет 15 беттен

74. Сақтандыру шартына/Сақтандыру полисіне енбеген Осы Ережелердегі шарттар Сақтанушы (Пайда алушы) үшін міндетті, егер Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде мұндай ережелердің қолданылуы тікелей көрсетілсе және ережелердің өзі Сақтандыру шартымен/Сақтандыру полисімен бір құжатта немесе оның сыртқы бетінде баяндалса немесе оған қоса берілсе.

75. Сақтанушының сақтандыру сыйлық ақысын төлеуі Сақтанушының Сақтандыру ережелерінде көрсетілген сақтандыру шарттарымен, және сақтандыру сыйлық ақының сомасымен келісімін растайды.